

**Астана қаласының Білім басқармасы
№58 «Өркен» балабақшасы» МКҚК**

«Келісілді»

Астана қаласы
Әдістемелік орталығының басшысы

_____ С.Дауешова
« ____ » _____ 2024 ж.

«Бекітемін»

«№58 «Өркен» МКҚК
балабақшасының меңгерушісі
м.а. _____ Молдахметова А.Т.

« ____ » _____ 2024 ж.

2024-2027 жылға арналған
«Мектеп жасына дейінгі балаларда қаржылық сауаттылық негіздерін
қалыптастыру» мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық-зерттеу
құзыреттілігін дамыту атты эксперимент алаңының
БАҒДАРЛАМАСЫ

Астана, 2024 жыл

Эксперименттік білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2015 жылғы 27 наурыздағы №139 «Білім беру ұйымдарында эксперимент режимінде іске асырылатын білім беру бағдарламаларын әзірлеу, сынақтан өткізу және енгізу қағидалары» бұйрығы негізінде әзірленді.

Эксперименттік білім беру бағдарламасы
№58 «Өркен» балабақшасының
(педагогикалық) әдістемелік кеңес
отырысында қаралды және мақұлданды.
2024ж. № 5 хаттама педагогикалық кеңестің
төрағасы — Молдахметова Айгерим Темиртасовна

Эксперименттің атауы: «Мектеп жасына дейінгі балаларда қаржылық сауаттылық негіздерін қалыптастыру»

Эксперименттің жетекшісі: «№58 «Өркен» МКҚК балабақшасының меңгерушісі м.а А.Т. Молдахметова

Тақырыптың өзектілігі: Экономика мен білім беру жүйесі бір-бірімен өте тығыз байланысты. Ел экономикасының тұрақтылығы мен дамыған ел қатарына қосылуды іске асырушы өсіп келе жатқан ұрпақ. Еліміздің әл-ауқаты жоғары болуы үшін, әрине, ең бастысы қаржылық тұрғысынан сауатты болуымыз қажет. Қаржылық сауатсыздықтың салдарынан елімізде қаншама адам несие мен қажетсіз дүниелерді алып, мақсатына жете алмай жүрген жандар қаншама. Сол себепті қаржылық сауаттылықты арттыру арқылы жаңа мүмкіндіктерді ашу және қаржылай зиян әрі шығын келтіретін жайттардан сақтандыруды ерте жастан үйретуді қолға алу қажет. Бұл заман талабы. Балалар супер маркеттерге, түрлі ойыншық дүкендеріне, ойын алаңдарына барғанда көз қызығушылығымен барлық ұнаған затын алуға асығады, ал баласының көңілін қимаған ата-ана соңғы ақшасы болса да алып беріп жатқаны ешкімге жасырын емес. Егер балаға ақшаның қандай еңбек термен келетіндігін, не пайдалы, не зиян т.б. түсіндіре отырып тәрбиелесе, бала мектепке сауатты әрі есеп-қисаптың тілін білетін, әр ісіне баға бере алатын жеке тұлға болып барады. Аталмыш ЭА жүзеге асыру балаларға қалай ақша табуға болатындығын, әр ісіне есеп беруге, үлкеннің еңбегін бағалауға, түсінуге көмектеседі.

Зерттеу объектісі: Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілері

Зерттеу пәні: ұйымдастырылған іс-әрекет үрдісі

Эксперименттің мақсаты: мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің қаржылық сауаттылығын ұйымдасқан іс-әрекеттер барынсында оқытып-үйрету арқылы қалыптастырудың бағдарламасын жасау және оны тәжірибе жүзінде іске асыру.

Міндеттері:

* балаларда қаржылық ұғымдар негізінде адамның қажеттіліктері туралы түсінік қалыптастыру: экономика, қажеттіліктер, өмір сүру нормалары, тауар, өнім, қызмет, тұтынушылар;

* балаларға ресурстардың әртүрлі түрлері, "ресурстарды үнемдеу" ұғымы туралы түсінік беру; тауарлар мен қызметтерді өндірушілер туралы, тауарлар мен қызметтер алмасу, "нарық", "сұраныс" ұғымдары туралы түсініктерін кеңейту, балалар іс-әрекетінің түрлерін интеграциялау принципі негізінде балалардың өздері практикалық мәселелерді шешуге жағдай жасау;

* балаларды экономикалық терминдермен қаржылық сөздік, кроссворд, ойын, адамның өмірлік қажеттіліктерінің маңыздылығы арқылы таныстыру, мектеп жасына дейінгі балаларда қаржылық ойлау тәсілінің негізін қалау, балаларда сөйлеу этикеті, күнделікті өмірдегі мәдени мінез-құлық дағдылары мен әдеттерін тәрбиелеу.

Болжамы: егер мектепке дейінгі ұйымдағы оқыту процесінде балаларды сюжетті-рөлдік, мамандық т.б. ойын әдістері арқылы қаржылық сауаттылығын қалыптастырса, онда оқытудың қолданбалы бағыттары іске асырылып,

балалардың функционалдык сауаттылықтарының қалыптасу деңгейі және білімді меңгеру сапасы артады.

**Эксперименттің мерзімдері: 2024-2027 ж.ж.
Эксперимент кезеңдері**

| № | Кезеңдер | Іске асу мерзімі | Жұмыстың мазмұны | Күтілетін нәтиже |
|---|--------------------|------------------|---|--|
| | Тәжірибелік | 2024-2025жж. | <p>-Бастапқы, аралық, қорытынды мониторинг жүргізу. Ұйымдастырылған іс-әрекет өткізу;</p> <p>-Педагог, мамандардың кәсіби біліктіліктерін шыңдау;</p> <p>-Шығармашылық топ құру;</p> <p>-Балабақшада цифрлық білім беру ортаны құру, жабдықтау (иллюстративті көрнекіліктер, ақпараттық бейнероликтер, слайд шоу, ертегілер, мамандыққа байланысты ойындар, қаржылық логикалық тапсырмалар, аудио бейне сюжеттер т.б.</p> <p>-ЭА бойынша көрме ұйымдастыру;</p> <p>-Банк қызметкерлерімен кездесу, интервью алу - «Бақыт баспалдағы» педагог-психолог тренингі;</p> <p>Қорытынды іс-шара: «Ең үздік бизнесchildren»</p> | <p>Талдау, анықтама Педагогтер арнайы біліктілік арттыру курстарынан өтеді;</p> <p>Шығармашылық топ жоспары іске асады;</p> <p>Ертеңгіліктер, дөңгелік үстелдер, ата-аналармен жұмыс жүргізіледі;</p> <p>Қаржылық сауаттылық тақырыбындағы үлестірмелі материалдар қоры жинақталады.</p> <p>Анықтама Балаларды ерте жастан бизнес әлеміне тәрбиелеу. Ақпарат беттеріне жариялау Анықтама</p> |

| | | | | |
|-----------------|--------------|---|--|--|
| | | | тәрбиеленушілер арасында байқау | |
| Жалпылау | 2025-2026жж. | <ul style="list-style-type: none"> -Бастапқы, аралық, қорытынды, мониторинг жүргізу; -Эксперимент жұмысын жалғастыру негізінде педагогтерге қалалық тәжірибелік семинарлар, дөңгелек үстелдер, шеберлік сыныптар ұйымдастыру; -«Қаржылық білім» тақырыбында педагогтер мен ата-аналар арасында дискуссия -«Жайдарман» танымдық-шығармашылық кеш -«Отбасы бюджеті» дөңгелек үстел -«Педагогикалық идеялар жәрменкесі» - «Қаржы лабораториясы» қорытынды іс-шарасы | <p>Педагогтердің кәсіби деңгейінің артуы, тәжірибелерінің молаюы;</p> <p>-Балалардың қаржылық сауаттылығы қалыптастып, техникалық шығармашылық қабілеттерінің жетіле түсуі;</p> <p>-Педагогтер мен ата-аналар және тәрбиеленушілер арасындағы ЭА жұмысын ынтымақтастыру;</p> <p>-Ата-аналарға педагогикалық кеңес беру;</p> <p>-зерттеу-талдау жұмыстарына балалардың қызығушылығын арттыру.</p> | |
| Енгізу | 2026-2027жж. | <ul style="list-style-type: none"> -Эксперимент және бақылауға алынатын топтарды салыстырмалы мониторинг (бастапқы, аралық, қорытынды) жүргізу. -Эксперимент жұмысы жалғастырылып, алынған нәтижелерді қорыту. -Балабақшаның оқу-тәрбие үрдісіне енгізіп жүйелеу. | <p>-«Балабақшадағы қаржылық сауаттылық тәрбиесі» білім беру ортасы негізінде өзара қарым-қатынас пен жауапкершілік;</p> <p>-Техникалық қауіпсіздік, шығармашылық дағдыларының қалыптасуы.</p> | |

| | | | | |
|--|--|--|---|---|
| | | | <p>-Эксперимент нәтижесінде әдістемелік бағдарлама дайындау және баспадан шығару.</p> <p>-Эксперимент алаң жұмысын қорытындылау, үш жылдық жұмыс нәтижесінің қорытындысы бойынша бағдарлама құру.</p> <p>- «Қаржылық білім қоржыны» тренинг</p> <p>-Қорытынды іс-шара</p> <p>-«Қаржылық сауаттылық ЭА не үйретті?» ата-аналар мен педагогтарға сауалнама жүргізу;</p> <p>-Педагогикалық кеңесте бағдарламаны бекіту;</p> <p>«Қарызсыз әлем» қалалық шеберлік-сыныбы</p> | <p>«Балабақшадағы қаржылық сауаттылық тәрбиесі» білім беру ортасы арқылы балалардың ойлау қабілеті, зейіні, есте сақтауы, сандық білім беру т.б. танымдық қабілеттерінің жетілуі;</p> <p>-Үш жылғы ЭА тәжірибе жұмыстарын басқада топ тәрбиешілеріне және ата-аналарға ұсыну;</p> <p>-ЭА нәтижелерінің қорытындысы.</p> |
|--|--|--|---|---|

ЭКСПЕРИМЕНТТІ ЖҮРГІЗУДІҢ ҚАЖЕТТІ ШАРТТАРЫ

1. Кадрлармен қамтамасыз ету;
2. Эксперименттің материалдық-техникалық базасы бойынша қамтамасыз ету;
3. Экспериментті экономикалық бағыт бойынша қамтамасыз ету;
4. Эксперименттің ғылыми тұрғыда қамтамасыз ету.

ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

- Қарапайым зерттеу жүргізу;
- Сауалнама;
- Зерделеу;
- Дидактикалық ойындар қолдану;
- Көрмелер;
- Жобалау әдісі;
- Модельдеу әдісі;

- Ата-аналармен жұмыс;
- Әдістемелік әдебиеттерге талдау жасау;
- Нормативті-құқықтық құжаттарды зерделеу;

БАҚЫЛАУ, МОНИТОРИНГ ЖӘНЕ ЭКСПЕРИМЕНТ НӘТИЖЕЛЕРІНІҢ ДҰРЫСТЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҚҰРАЛДАРЫ

1. Ішкі бақылау: кіріспе, аралық, қорытынды бақылау, мониторингтер
2. Талдаулар
3. Анықтамалар
4. Хаттамалар

ЭКСПЕРИМЕНТ БАҒДАРЛАМАСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ӘЗІРЛЕМЕЛЕРДІҢ ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы 2007 жылғы 27 наурыздағы №319 бұйрығы;

2. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығына, 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығы;

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 Қаулысы «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін бекіту туралы»;

4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағыдағы №348 бұйрығы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы»;

5. Бурнышева, М. Г. эксперименттік-зерттеу қызметі арқылы балалардың танымдық белсенділігін дамыту. "Любознайка" жобасы / М. Г. Бурнышева // Мектепке дейінгі педагогика. – 2011. – №3. – 24-26 ББ;

6. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы (ҚР 14.07.2022ж. №141-VII сәйкес өзгертулер мен толықтырулар енгізілген);

7. Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы //Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен бекітілген;

8. «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 Қаулысы Білім беру ұйымдарында эксперимент режимінде іске асырылатын білім беру бағдарламаларын әзірлеу, сынақтан өткізу және енгізу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 27 наурыздағы № 139 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 30 сәуірде № 10916 тіркелді;

9.К.Е.Хасенова, Г.К.Исмаилова, Л.З.Паримбекова, Н.М.Анарбеков
«Қаржылық сауаттылықты бағалау әдістері: Қазақстан тәжірибесі»
[https://doi.org/10.51176/1997-9967-2022-3-226-241;](https://doi.org/10.51176/1997-9967-2022-3-226-241)

10.Программа «Финансовая грамотность» для детей старших и
подготовительных групп (5-7 лет), Суворов, Тульская область, 2020г.